

Данная статья исследует проблемы в рамках европейской системы защиты прав человека в связи с принятием в декабре 2009 г. Лиссабонского договора, который закрепил юридическую обязательную силу Хартии Европейского Союза об основных правах для всех государств-членов Союза.

This article investigates problems of the European system of protection of human rights in connection with the adoption in December, 2009 of Lisbon Treaty, which had fixed a legal binding force of the Charter about fundamental rights of the European Union for all member states of the Union.

* * *

А. Ембергенова

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазіргі таңда энергетика Еуропалық аймақтың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды болып табылатын өндірістік инфрақұрылымды құрайды. Отын-энергетикалық кешен әрқашан да Батыс Еуропа елдері экономикасының ең осал жағы болды, сондықтан осы саладағы жекеше интеграция, ЕОУС және Еуратом шеңберінде Қауымдастықтың пайда болуымен жүзеге асырылған. 1970 ж. басында болған энергетикалық дағдарыс энергия көздерінің тапшылығына себеп болған осы салада қауымдастық мүше-мемлекеттерінің бірлескен үйлестірілген күштерінің қажеттілігін тағы да растады. Алайда нақты іс жүзіндегі мүше-мемлекеттердің энергетика саласындағы интеграция бойынша іс-шаралары тек ішкі тауар айналысын құрумен шектелді.

Алғашқы Еуропалық Одақтың ішкі энергетикалық нарығын құру, 1988 ж. мамыр айында болған, онда Комиссия өз Ішкі энергетикалық тауар айналысы деп аталған Жұмыс құжатында ортақ тауар айналысын кеңейтудің маңызды мақсаты ретінде ішкі энергетикалық тауар айналысын құруды атап көрсеткен және мүше-мемлекеттер экономикасы энергетикалық секторының кезеңдік ырықтандыру жоспарын ұсынған болатын. Аталған жоспар Қауымдастық деңгейінде энергия тасушылардың бағасын үйлестіруді қарастырады және мүше-мемлекеттердің аумағы арқылы электр мен газ транзитін реттейтін ортақ ережелерді енгізуді қажет етеді, жалпы алғанда аталған жоспар 1990 ж. басында жүзеге асырылды.

Ал ішкі энергетикалық нарықты құру бойынша іс-шаралардан тыс, Қауымдастық 1990 ж. мынадай шаралар жүргізген: энергетикалық секторға инвестицияларды ынталандыруға бағытталған іс-шаралар, энергия көзінің жеткізілімдерінің сенімділігін қамтамасыз ету,

энергия тиімділігі мен энергияны үнемдеу режимдерін қолдау, балама энергия көздерін тұтынуды дамыту мен кеңейту, энергия мен энергия тұтыну өндірісі кезінде қоршаған ортаны қорғау.

Энергетика саласында Еуропалық Қауымдастық қызметінің негізін 1957 ж. Еуропалық Одақ Шартының 3-б. 1-б. «и» т. Қауымдастықтың қызмет етуінің басқа да бағыттарының ішінде «энергетика саласындағы іс-шаралар» деп аталатын тармақ құрады. Алайда ЕО-ның энергетикалық саясаты Қауымдастықтың басқа да саясаттары ішінде құрылтай құжатының 3 бөлігінде көрініс таппаған болатын. Осы салада ЕО-ның құзыреттілігі Еуропалық Одақ туралы Шарттың 95-б. арқылы жүзеге асырылады, ішкі нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында мүше-мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру бойынша іс-шаралардың орындалуын қарастырады.

Соңғы уақытта ЕО-ның энергетикалық саясатына едәуір маңызға ие 1957 ж. Шарттағы 15-тараудың 154-156 б. «Трансеуропалық жүйелер» ережелеріне сәйкес, Қауымдастық трансевропалық энергетикалық инфрақұрылымдарын дамыту бойынша жобаларды қолдайды. Энергетика саласында Қауымдастықтың іс-шаралары, тауарлар мен қызмет көрсетудің «еркін» қозғалуы, ЕО-ның экологиялық саясаты және энергетика табиғи монополия саласы болғандықтан, ЕО-ның бәсекелік саясатымен тікелей шектеседі. Сонымен қатар ЕО-ның өзіндік энергетикалық саясатының дамуына елеулі орынға ие халықаралық құжаттарға келетін болсақ, олар 1991 ж. Еуропалық энергетикалық хартия және 1994 ж. Энергетикалық хартияға Лиссабон шарты жатады. Ал атомдық энергетика саласындағы интеграцияның құқықтық негізі 1957 ж. Еуратомды құратын Шарттың ережелері негізінде жүзеге асырылады.

Сөйтіп, Еуропалық Одақтың энергетикалық заңнамасын талдай келе, ЕО-ның энергетикалық саясатын жүзеге асырудың негізгі қағидаларын атап өту қажет:

1. Дискриминацияламау қағидасы дискриминацияламаудың ортақ қағидасынан шығады және энергетика саласында – энергетикалық нарықтағы дискриминацияламауды, энергиямен жабдықтау келісімінде дискриминациялық шарттарды енгізуге тыйым салу, «үшінші тараптың қол жетерлігін» қамтамасыз ету.

2. Ашықтық қағидасы - ішкі энергетикалық нарықтағы ашықтық пен анықтылықты қамтамасыз ететін, тұтынушының энергия көздерінің баға деңгейі жайында ақпарат алу мүмкіндігі, Қауымдастықтың энергия көздерін жеткізу мен транзиттеуді бақылауы.

3. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу қағидасы, энергиямен жабдықтау қызметін жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын алдын алып орындау қажеттілігі.

4. Энергетикалық саясатта әлеуметтік факторды ескеру қағидасы энергетикада жұмыссыздық деңгейінің нарық конъюнктурасынан тәуелді екеніне, энергетикалық салада жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтуды, жалпы экономикалық мағынасы бар қызметтердің жоғары әлеуметтік маңыздылығына назар аударуды талап етеді.

Қазіргі кезде энергетикамен қамсыздандыру нарығының құрылымы осы саланы құқықтық реттеуде басымдықтарды алға қояды. ЕО елдерінде қазіргі таңда энергетикалық нарықтың негізін электр-энергиясы, газ және мұнаймен қамсыздандыруды құрайтын болса, басқа инфра-құрылымдарды оның ішінде көмір нарығын артқа тастайды. Нәтижесінде осы саланы құқықтық реттеудің басымдықтарына – Одақтағы энергетикамен қамсыздандырудың сенімділігін қамтамасыз ету, энергия тиімділігін және энергияны үнемдеуге жәрдемдесу, энергияның жаңа және жаңартылған көздерін дамыту маңызды басымдықтар болып табылады. Еуропалық Одақтың энергетикалық саясаты саласындағы маңызды құжат - осы саладағы Одақтың бірінші ортақ әрекеттер бағдарламасы «Парасатты энергия - Еуропаға», Еуропалық парламент пен Кеңестің 2003 ж. 26 маусымдағы № 1230/2003/ЕС шешімімен ұйымдастырылған осы құжат, 2006 жылға дейін қабылданып, энергиямен жабдықтау саласында Ортақ әрекеттер бағдарламасы бұрыннан болған бірнеше бағдарламаларды құрады: SAVE – энергия нәтижелілігі мен энергияны тиімді пайдалануды арттыру, ALTENER – жаңартылған энергия көздерін

іздеу мен пайдалану, STEER – транспорт секторындағы энергетикалық бастамашылықтарды қолдау, COOPENER – дамушы елдердегі жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау әрекеттері 2002 ж. аяқталған болатын.

Энергетика саласындағы Одақтың бірінші көп жылдық әрекеттер бағдарламасының негізгі идеясы энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қолдау, тұрақты даму бойынша Одақтың қазіргі заманғы стратегиясына ЕО-ның энергетикалық саясатының ықпалдасуы, дамушы елдердің энергия импортынан ішкі энергетикалық нарығының тәуелділігін төмендету. Аталған бағдарламаның негізгі идеяларын жүзеге асыру, энергетикалық басымдықтарды қамтитын негізгі басым әрекеттерді анықтаумен, аталған төрт сектор бойынша бірігіп немесе жекелеп өткізіледі және Қауымдастықтың жеке аймағы бойынша маңызды әрекеттерді жеке жасауға мүмкіндік береді.

ЕО-ның энергетикалық саясатын орындауда Комиссия жетекші рөлге ие. Қазір осы институттың энергетика саласындағы қызметі 1997 ж. 23 сәуір айында энергетика саясаты және әрекеттерінің жалпы келешегі туралы Комиссияның Мәлімдемесінде көрсетілген басымдықтар негізінде құрылған.

Энергетика саласында Комиссияның қызметі Одақтың энергетикалық нарық қатысушыларының қызметін көбіне басқару, қадағалау және бақылауда шоғырланады. Мысалы, 1996 ж. 22 сәуір айындағы ЕО-ның №736/96 Регламенті Қауымдастықтың мұнай, газ секторы және электр-энергия секторындағы мүдделерін қозғайтын инвестициялық жобалар бойынша Комиссия алдында энергетика саласында ірі инвестициялық жобалардың инвесторлары туралы толық ақпарат беруді талап етеді. Оның негізі ішкі энергетикалық нарықтағы транспаренттілік пен анықтылықты қамтамасыз ететін, тұтынушының энергия көздерінің баға деңгейі жайында ақпарат алу мүмкіндігіне ие болатын ашықтық қағидасына негізделіп отыр. Комиссияның құрамында Еуропалық энергетика мәселесін реттейтін арнайы департамент қызмет етеді, көлік және энергетика мәселесі бойынша Бас директор жұмыс істейді. Осы салада Комиссия бірқатар мамандандырылған мекемелерді құрған болатын, мысалы көлік және энергетика бойынша Еуропалық форум немесе электр қуаты мен газды реттейтін Еуропалық топ.

2007 ж. Еуропалық Одақтың реформасы туралы Лиссабон шарты алғашқы рет ұйымның құрылтай құжаттарына энергетика саясаты саласындағы Одақтың құзыреттілігіне арналған

арнайы тарауды қосты. Осы тарауға сәйкес, Одақтың энергетика саласындағы саясаты мүше-мемлекеттердің тілектестігі сипатында мынадай мақсаттарды көздейді:

— энергетикалық нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ету;

— Одақта энергиямен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету;

— энергетикалық нәтижелілік пен энергияны үнемдеуге және жаңа, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға жәрдемдесу;

— энергетикалық байланыстардың өзара жалғасуына жәрдемдесу.

Еуропалық Одақтың ішкі энергетикалық нарығын құру мен дамытудың құқықтық негіздері, 1988 ж. Комиссияның Жұмыс құжатымен көзделген мүше-мемлекеттердің энергетикалық нарығын ырықтандыру, 1990 ж. 26 маусымда соңғы тұтынушылар үшін газ бен электр қуаты бағасының ашықтығын арттыру бойынша Қауымдастықтың шаралары туралы 90/377/ЕЭС Директивасын қабылдаудан басталды. Директива мүше-мемлекеттерді электр қуаты мен табиғи газдың нарықтық бағасы жайында Еуропалық қауымдастықтардың Статистикалық бюросына ақпарат беруге міндеттеді. Мұндай ақпараттың ашық болуы энергетикалық нарықтағы баға қалыптасуына бақылау жасауға мүмкіндік беріп, нәтижесінде жалпы Қауымдастық бойынша электр қуаты мен газдың бағаларын түзетуге әкеп соқтырды.

Ал Қауымдастықтың электр-энергиясымен жабдықтау барысын реттеу бойынша келесі шаралары энергия жүйелері арқылы электр қуатын транзиттеу туралы 1990 ж. 29 қазан айындағы 90/547/ЕЭС Директивасында және энергия жүйелері арқылы табиғи газды транзиттеу туралы 91/296/ЕЭС Директивасында бекітілген болатын. Аталған екі директива мазмұны жағынан «егіз» болып, транзиттің негізгі ережелері бір жерден шықты.

Сөйтіп, электр-энергия нарығын ырықтандыру үдерісі 1996 ж. 19 желтоқсан айында электр-энергиясының ішкі нарығына арналған ортақ ережелер 96/92/ЕС Директивасын қабылдаумен аяқталған болатын. Газбен жабдықтау нарығының толық ырықтандыруын 1998 ж. 22 маусым айындағы табиғи газдың ішкі нарығына арналған ортақ ережелер туралы 98/30/ЕС Директивасы қарастырды.

Еуропалық Одақтың энергетикалық заңна-масында түпкілікті өзгерістер реформасы 2003 ж. шілде айында өткізілді. Газ және электр қуатымен жабдықтау нарықтарын ырықтандыруға қатысты төрт директива: 90/547/ЕЭС

Директивасы, 91/296/ЕЭС Директивасы, 96/92/ЕС Директивасы және 98/30/ЕС Директивалары алынып тасталды. Ал 2004 ж. 1 шілде айынан бастап құқықтық реттеуде олардың орнын жаңа, қазіргі заман талаптарына сай жүйеленген құжаттар – 2003 ж. 26 маусымдағы ішкі электр қуаты нарығына арналған ортақ ережелердің 2003/54/ЕС Еуропалық парламент пен Кеңес Директивасы орнын басты және 96/92/ЕС Директивасының күшін жойды, сонымен қатар ішкі табиғат газ нарығына арналған ортақ ережелердің 2003/55/ЕС Еуропалық парламент пен Кеңес Директивасы орнын басты және 98/30/ЕС Директивасының күшін жойды.

Аталған жаңа директивалар, оның ішінде 2003/54/ЕС Директивасы Қауымдастық бойынша электр энергиясын генерациялау, өткізу мен жеткізіп беруге қатысты ортақ ережелерді анықтайды. Оның ішінде мүше-мемлекеттер экономикасының энергетикалық секторын ұйымдастыру мен қызмет етуі, Қауымдастықтың ішкі энергетикалық нарығына рұқсат берудің талаптары мен шарттары туралы нормалар көзделген. 2003/54/ЕС Директивасына сәйкес, мүше-мемлекеттер электр желісімен жабдықтау кәсіпорындарының құқықтары мен міндеттерін өз бетімен бекітеді және электр энергияға өндірушілердің нарыққа қол жеткізілімін келісім беру арқылы немесе өтініш беру жүйесі арқылы жүргізеді. Мүше-мемлекеттер электр желісімен жабдықтау жүйелеріне қол жеткізілетін дискриминацияламау және ашықтық қағидаларына негізделуін қамтамасыз етуі тиіс, тарифке қатысты, сонымен қатар өзінің энергетикалық нарықтарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін барлық шаралар өткізуі қажет.

2003/54/ЕС Директивасының ережелері №1228/2003 26 маусым 2003 ж. трансшекаралық электр желісімен алмасу мақсатында желіге рұқсат беру шарттары туралы Еуропалық Кеңес және парламент Регламентінде бекітілген нормалармен толықтырылды. Осы Регламент дұрыс бәсекелестік кезінде электр желісімен трансшекаралық алмасуға әділетті шарттар құруға бағытталған және мүше-мемлекеттердің аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ЕО-ның ішкі нарығына еркін рұқсатты бірыңғай баға белгілеуді бекіту арқылы жүргізілді.

Аталған 2003/55/ЕС «Газ» Директивасы табиғи газды тасымалдау, жабдықтау, жеткізіп беру мен сақтауға арналған ортақ ережелерді бекітеді. Құжат мүше-мемлекеттер экономикасының газ секторын ұйымдастыруға және қызмет етуіне қатысты ережелерді, оған қоса сұйықтандырылған газбен жабдықтау нарығы,

тиісті кәсіпорынға нарыққа рұқсат беру тәртібі туралы ережелердің үндестірілуін қамтамасыз етеді. Директива кәсіпорындарға табиғи газды тасымалдауға, жабдықтауға, жеткізіп беруге және сақтауға келісім берудің ортақ белгілері мен тәртібін енгізетін ережелерді құрайды.

2003/55/ЕС Директивасы мүше-мемлекеттердің газбен жабдықтау нарығын толық ашу, газ секторында бәсекелестікті күшейту, үшінші елдердің газ жабдықтаушыларынан газ нарығының тәуелділігін ескере отырып, газ тасымалдау желілерін интеграциялау арқылы газбен жабдықтау нарығын монополизациялау мен дамытуға бағытталған.

Жоғарыда аталған екі директиваның мақсаты - мүше-мемлекеттер электр желісімен жабдықтау жүйелеріне қол жеткізілімін дискриминацияламау және ашықтық қағидаларына негізделуді қамтамасыз ету, дұрыс бәсекелестікті жүргізу кезінде электр желісімен трансшекаралық алмасуға әділетті шарттар құру, ЕО-ның ішкі нарығына еркін рұқсатты бірыңғай баға белгілеуді бекіту арқылы жүргізу, табиғи газды тасымалдау, жабдықтау, жеткізіп беру және сақтауға арналған ортақ ережелерді бекіту, нәтижесінде барлық мүше-мемлекеттердің энергетикалық нарықтарын үндестіру арқылы болашақта ЕО мүше-мемлекеттерінің энергетика секторын біртұтас етіп бірыңғай реттеу және негізгі мақсат ЕО мүше-мемлекеттерінің үшінші елдердің энергетика импортынан тәуелділігін төмендету.

Ал газ және мұнаймен жабдықтауды қамтамасыз етуде түбегейлі маңызға табиғи газ бен мұнайдың негізгі компоненттері болып табылатындықтан, 30 мамыр 1994 ж. көмірсутегін барлау, зерттеу мен өндіруге келісім беру және келісімді пайдалану шарттары туралы 94/22/ЕС Кеңес Директивасы ие. Ішкі энергетикалық нарықтың қызмет етуін қамтамасыз етуге арналған маңызды қадам болып көмірсутегіні барлау мен өндіруге қатысты ережелердің үндестірілуін жүргізу.

Энергетикалық сектордағы мемлекеттік қажеттіліктер үшін жеткізілімдер тәртібіне арналған мүше-мемлекеттердің заңнамалық ережелерін үндестіруге 1990 ж. басында Қауымдастықпен қабылданған бірқатар директивалар бағытталған болатын. Оларға: 1993 ж. 14 маусым айындағы су, энергетикалық, көлік және телекоммуникация секторында қызметпен айналысатын субъектілердің жеткізілім тәртібін үйлестіретін 93/38/ЕЭС Директивасы мен су, энергетикалық, көлік және телекоммуникация секторында қызметпен айналысатын субъектілердің жет-

кізілім тәртібі туралы Қауымдастықтың ережелерін қолдануға қатысты заңды, регламентті және әкімшілік ережелерді үйлестіретін 1992 ж. 25 ақпан айындағы 92/13/ЕЭС Кеңес Директивасы жатады. 2009 ж. Еуропалық парламент пен Кеңес, энергетикалық нарықтың ырықтандырылуын одан әрі қамтамасыз ететін ЕО энергетикалық заңнамасының жаңа үшінші «түйінін» бекітті.

Еуропалық Одақтағы энергиямен жабдықтау қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүйесін құру қажеттілігі екі мәселеден туындайды деп көрсетілген, біріншісі - экономикалық-саяси. ЕО және оның мүше-мемлекеттері энергия көздерінің ірі тұтынушысы, олардың 70% қажеттілігі үшінші елдердің импортынан қамтамасыз етіледі. ЕО энергия көздерінің негізгі өндірушісі - Таяу Шығыс пен Ресей. С.Ю. Кашкин оқу құралында, ЕО-ның кеңеюімен оның энергияға тәуелділігі артады, себебі Одақ құрамына энергия көздерінің жеткізілімін сырттан толық қажет ететін мемлекеттер кіретін болады деп келтірсе, керісінше Ю.А. Сафонова мақаласында салмақты саясат жүргізген кезде Жаңа Еуропа елдерін ЕО-ның сыртқы саясат өлшеміндегі энергетикалық саясат мақсаттарын жүзеге асыруды шапшаңдатушы еді деп көрсетеді. Егер де ЕО мүше-мемлекеттерінің энергетикалық саясатын жақында болған мүше-мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып жасайтын болса, ЕО-ның энергетикалық саясатын ымыра негізінде, өзара тиімді түрде жүргізуге болады.

Екінші мәселе – экономикалық-экологиялық. Қазіргі кезде энергияны тұтыну қоршаған ортаға зиян келтірумен тікелей байланысты. Киото хаттамасының ережелері және тұрақты даму мағынасындағы іс-шаралар, энергия көздерін тұтынушыларға қатаң экологиялық шектеулер қоюда. Энергияны тұтынудың артуы энергия тасымалдаушыға бағытталады, экологиялық реттеу - энергия сақтау мен энергия тиімділігі бойынша шаралар өткізумен, балама энергия көздерін дамыту қоршаған ортаға неғұрлым қолайлы жағдай жасау.

Энергиямен жабдықтауды сенімді қамтамасыз ету саласында маңызды құжат 1968 ж. 20 желтоқсан айындағы 68/414/ЕЭС Кеңес Директивасы ЕЭҚ мүше-мемлекеттеріне тазартылған мұнай не/немесе мұнай өнімдерінің ең төмен қорын құруды міндеттейтін 1998 ж. 14 желтоқсан айындағы 98/93/ЕС Директивасымен алмастырылған құжат болып табылады. Қауымдастық елдерінде энергиямен жабдықтауда тазартылған мұнай және мұнай өнімдері ең маңызды орында болғандықтан және оларды

жеткізуде іркіліс қауіп ұйымның жұмысын едәуір бұзатындықтан, директива мүше-мемлекеттерге осы өнімнің стратегиялық қорына қатысты міндетті енгізді. Кез келген мүше-мемлекет өз қорында 90 күн бойы бір жылға жететіндей қалыпты тазартылған мұнай және мұнай өнімдерін тұтынуға болатындай қамтамасыз етуі тиіс.

Қауымдастықтағы мұнаймен жабдықтауды тұрақтандыруға жәрдемдесіп елеулі рөл атқаратын, 1995 жылғы 20 желтоқсан айындағы № 2964/95 тазартылмаған мұнайдың импорты мен жеткізілімін тіркеуді енгізетін Регламент болып табылады. Регламент үшінші елдерден тазартылмаған мұнайды импорттаушы барлық тұлғалар мен кәсіпорындарға немесе басқа мүше-мемлекеттермен тазартылмаған мұнай жеткізуін қабылдаған кезде өздері құрылған мүше-мемлекетке импорт пен жеткізілімнің сипатына байланысты ақпаратты ұсынуға міндетті. Мүше-мемлекеттермен жиналған ақпарат, Комиссияның талабымен, Қауымдастық бойынша импорт пен жеткізілімнің жалпы сипатын құру мақсатында ұсынылады. Жиналған ақпарат ішіне баға туралы ақпарат та кіреді. Ақпарат тұрақты түрде кем дегенде айына бір рет ұсынылуы тиіс. Аталған ақпарат жасырын болып табылады, алайда ортақ сипаттағы мәселе бойынша және нақты кәсіпорындардың қатысын айтпай, ашық баяндамаларды жасау мен басып шығаруға кедергі болмайды.

Энергия көздері тұрақсыздығы тенденциясының жиілеп бара жатқандықтан, Комиссия қазіргі кезде энергия көздерінің стратегиялық қорын құру бойынша іс-шаралар реформасын дайындауда. Оның ішінде 68/414/ЕЭС Директивасын жаңамен алмастыру жоспарлануда және газбен жабдықтау сала жүйесін құру жоспарланады.

Қауымдастықтың бірқатар директивалары осындай іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді. Біріншіден, ол 1993 ж. 13 қыркүйектегі энергетикалық тиімділікті арттыру (SAVE) арқылы көмірқышқыл газын эмиссиялауды шектеу туралы 93/76/ЕЭС Кеңес Директивасы, өндірістік объектілер мен ғимараттардың энергетикалық тиімділігін арттыру SAVE бағдарламасы шеңберінде ортақ іс-шараларды бекітті. 93/76/ЕЭС Директивасының ережелерін дамыту мақсатында: флуоресцентті жарық өткізгішінің энергетикалық тиімділігінің талаптары туралы 2000/55/ЕС Еуропалық парламент пен Кеңес Директивасы және ғимараттардың энергетикалық пайдалану сипаттамасы туралы 2002 ж. 16 желтоқсандағы Еуропалық парламент пен Кеңес

Директивасы қабылданған болатын. Осы шаралардың мақсатында 1992 ж. 21 мамырдағы сұйық немесе газ тәрізді отынды жандыратын суды жылытудың заманауи қондырғыларының тиімділік талаптары туралы 92/42/ЕЭС Кеңес Директивасының нормалары жүзеге асырылуда.

Осы салада ЕО қызметінің басқа бағыты - тұрмыс техникасына қатысты талаптарды күшейту арқылы энергияны сақтау мен энергия тиімділігін арттыру. Осыған 1992 ж. 22 қыркүйектегі өнімді сертификациялау мен стандарттау жолымен тұрмыс техникасы мен басқа ресурстардың энергияны тұтынуы жайлы ақпарат алу туралы 92/75/ЕЭС Кеңес Директивасы, тұрмыс электр тоңазытқыштары, мұздатқыштары және мұздатқыштары бар тоңазытқыштардың тиімділік талаптары туралы 1996 ж. 3 қыркүйектегі 96/57/ЕЭС Еуропалық парламент пен Кеңес Директивасы бағытталған болатын.

Еуропалық қауымдастық АҚШ-пен кеңселік жабдықтардың энергия тиімділігін сертификациялау бағдарламаларын үйлестіру бойынша 2001 жылы Келісім жасасты. Осы Келісімнің негізінде Қауымдастық 2001 ж. 6 қарашада № 2422/2001 Регламентімен ЕО-ның құқықтық тәртібіне енгізілген “Energy Star” сертификациялау жүйесін қабылдайтын болды.

Энергиямен жабдықтаудың қауіпсіздігіне жетуде энергияның жаңа және балама қайнар көздерін іздестіру мен пайдалануды күшейту болып табылады. Аталған шараларды өткізу энергияның балама қайнар көздерінен өндірілген электр қуатының жеткізілімдерін электрмен жабдықтау ішкі нарығын күшейтуді көздейді. Директива бойынша, энергияның жаңартылған көздері деп отынды жандыруға байланысы жоқ энергияның балама көздері – жел, күн, толқын мен гидроэнергия көздері, геотермальді энергия көздерін айтамыз. Мүше-мемлекеттер энергияның жаңартылған көздерінен электр қуатын өндіру саласындағы ұлттық мақсаттар көрініс табатын баяндамаларды дайындап жариялауы қажет, сонымен қатар транспаренттілік пен дискриминацияламау қағидаларына негізделіп, осындай өндірісті дамыту бойынша нақты іс-шараларды құру қажет. 2003 ж. 8 мамырдағы көлікте био отынды пайдалану мен басқа да жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы Еуропалық парламент пен Кеңес Директивасы осы мәселеге арналған болатын. Мүше-мемлекеттер сырттан алатын энергия көздерін тұтынушы, нақты айтсақ, көлік осы мәселеде экономикалық ең қорғалмаған сектор болып табылады. Көлік қажеттілігіне энергияны пайдалану қоршаған ортаға әсер етеді. Мұнда

маңызды мәселе көлік инфрақұрылымының неғұрлым қауіпсіз энергия көздеріне көшуді талап етеді. Олардың ішіндегі био отын. Биологиялық отын деп - Директиваның 2-б. сәйкес, биомасадан, табиғи шаруашылық не орман шаруашылық қалдықтарынан және оған байланысты өндіріс қалдықтарынан сұйық немесе газ тәрізді отыннан шығатын отын.

Энергия көздерін тиімді пайдалануды күшейтуге және энергияның балама көздерін пайдалануға «жасыл салықтар» механизмі бағытталған 2003 жылдың 27 қазан айындағы энергетикалық өнімдер мен электр қуатына салық салу бойынша Қауымдастықтың шектеулерін қайта құрастыру туралы 2003/96/ЕС Кеңес Директивасымен енгізілген болатын. Директивамен енгізілген тетік энергиямен жабдықтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында экономикалық реттеу әдісін көрсетеді, энергетикалық секторда баға қалыптасуына елеулі ықпал көрсетеді [1].

Қорыта айтқанда, Еуропалық Одақтың энергетикалық саясатында, әсіресе Жаңа Еуропаға қатысты ондағы бірқатар қарама-қайшылықтарды көруге болады. Біріншіден, ЕО-ның көптеген энергетикалық бастамашылықтары экономикалық және қаржы себептері бойынша осы елдерде орындалуы қиындыққа тап болады. Екіншіден, ЕО-ның энергетикалық бағыттары Батыс Еуропа елдерінің мүдделерінен құралған және қазіргі кездегі Орталық және Шығыс Еуропадағы жағдайларға сай келмейді. Үшіншіден, Еуропалық Комиссия көзделген мақсаттарында бірізділікті сақтамайды, мысалы атомдық энергетика саласында.

Ю.А. Сафонова көзқарасы бойынша, бірқатар шетелдік және ресейлік зерттеушілердің Жаңа Еуропа елдерінің ЕО-ға қосылуы Одақтың энергетикалық саладағы жағдайын қиындатты деген пікірлерімен келіспейді.

Керісінше, салмақты саясат жүргізген кезде Жаңа Еуропа елдерін ЕО-ның сыртқы саясат өлшеміндегі энергетикалық саясат мақсаттарын жүзеге асыруды шапшаңдатушы еді.

«Еуропалық Одақ өзінің айналасына ЕО-ның энергетикалық саясатының жалпы ережелері мен қағидаларына негізделіп әрекет ететін елдер желісін құруға ұмтылатындықтан», энергетикалық ынталарда Жаңа Еуропа елдерінің қатысуы энергетикалық дипломатияда үлкен үлес құрайды және Жаңа Еуропа елдерінің тиімді геосаяси орналасуы жағынан транзиттік жолдарда Шығыстан Батысқа епті әдіс жасауға толық мүмкіндік береді. Сонымен қатар CO_2 шығарылуы бойынша төмен көрсеткіштер, ЕО-ның шеңберіндегі квоталарды қайта үлестіру арқылы

пәрнек газдарының шығарылу саудасының жүйесі (ETS) деңгейінде атмосфераға пәрнек газ шығарылуы бойынша нормативтерге жетуге жәрдемдеседі және әлемдік сахнада Одақтың энергетикалық бастамашылықтарының ілгерілеуіне ықпалдасады. «Әртүрлі» елдерге ортақ стратегияны құру және өз энергетикалық ынталарына «сынақ полигонының» болуы ЕО-ның энергетикалық саясатын неғұрлым негіздеп, иілгіш және салмақты етіп, ЕО-ның «энергетикалық дипломаттарына» қосымша мүмкіншілік беретін болады.

Алайда негізгі мәселе Еуропалық Одақ ойлары, жоспарларының іс-жүзінде асуы не аспауында болып отыр. Мысалы, Еурокомиссия атап өткендей, алдағы жеті жыл бойы ЕО деңгейінде энергетикалық зерттеулерге қаржы бөлінуі 50%-ға өсетін болады, соның өзінде «талап етілген прогресс нәтижелерін қамтамасыз ете алмайды».

Келесі атап өтетін мәселе, ішкі еуропалық деңгейде климаттық өзгерістермен күрес жүргізу барлық қауіптердің шипа-дауасы, оның ішінде «климаттық өзгерістерді тоқтататын, импортталатын көмірсутектерге байланысты ЕО-ның сыртқы тәуелділігін шектеуден, экономикалық өсім мен жаңа жұмыс орындарын құруға, сонымен қатар тұтынушыларға қол жетерлік бағада және қауіпсіз энергетика ұсынады» деп көрсетеді. Дегенмен ЕО-ның қарқынды өсіп келе жатқан төменгі көмірсутек технологиясының жаһанды нарығын жаулап алуына толық әлеуеті жетеді. «Қазірдің өзінде Еуропалық Одақ жаңартылатын энергия көздерін өндіру бойынша әлемдік көшбасшы және оған қоса жыл сайын 20 млрд евро тауар айналымы және онда 300000-дай қызметкер жұмыс істейтінін ескеру қажет» [2].

Шынында да, Еурокомиссия климаттық өзгерістердің себеп және салдары саласында ғылыми зерттеулердің даулы екендігін растайды, алайда өз мақаласында В.Н. Зуев атап өткендей, «климаттық факторды есепке алмасақ та, таңдап алынған жаңа энергетикалық саясаттың басымдылықтарына қарай бағытталуға және оны жүзеге асыру кезінде ЕО-ның дәстүрлі энергия көздеріне мұнай мен газ жеткізілім мен бағалардың тұрақсыздығына тәуелділігін төмендетуге әкеп соқтырады» [3].

Тек қана Еуропалық Одақ мүше-елдері өздерінің энергетикалық саясатын шоғырландырудан өтіп, нәтижесінде «бірауыздан» әлемдік деңгейде әрекет ететін болса, энергетикалық салада елеулі нәтижелерге жететін болады.

1. Право Европейского Союза: учебное пособие/под ред. С.Ю. Кашкина. – М.: Изд-во «Проспект», 2011. – С.236-244.

2. Сафонова Ю.А. Энергетическая политика Европейского союза и национальные интересы России// «Стратегии России в историческом и мировом пространствах». Материалы Всероссийской научной конференции. – М., 5.06.2009. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.rusrand.ru/naukadoklad/safonova.pdf> (17.03.2011)

3. Зуев В.Н. Формирование энергетической политики ЕС//[Электронный ресурс]. URL: http://www.iori.hse.ru/es/materials/shaping_energy_politicians.pdf (Дата обращения: 17.03.2011)

* * *

Данная статья посвящена правовым основам энергетической политики Европейского Союза. В статье автор рассматривает ЕС как мирового лидера в сфере развития поиска и использования возобновляемой энергетики; анализирует компетенции Европейской Комиссии в области энергетики.

* * *

This article devoted to main legal energy policy formation of the European Union. In the article the author considers the EU as a world leader in the field of renewable energy and analyzes competency of the European Commission in the field of energy.

Ә. Т. Мінбар

АДАМНЫҢ САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Саяси құқықтар мен бостандықтар азаматтың субъективті құқықтары мен бостандықтарының маңызды категориясы болып табылады. Оларды адамға мемлекеттің қоғамдық саяси өміріне қатысуға (жеке және ұжымдық) және мемлекеттік билікті жүзеге асыруға заңмен және халықтық билікпен берілетін мүмкіндік ретінде қарастыруға болады. Азаматтардың саяси құқықтары - өзге құқықтардың әрекет етуінің міндетті талабы, себебі олар демократияның органи-калық негізін құрап, билік сүйене алатын және өзін шектейтін құндылықтар болып табылады [1].

Азаматтық құқықтар мен бостандықтар - мемлекеттің құқықтық табиғатын анықтайтын, билікті бақылау құралы, демократиялық режимнің сындық факторы ретінде цивилизациялық қоғамның ажырамас құралы. Құқықтық әдебиеттерде саяси құқықтар мен бостандықтар бірнеше түрге бөлінеді.

1) тікелей және өкілдік демократияның түрлі формалары арқылы (сайлау құқығы, петиция құқығы) мемлекеттің және оның органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінде қатысу құқықтары;

2) қоғамның өміріне белсенді қатысу құқығы (сөз бен басылым еркіндігі, жиналыс пен манифестация еркіндігі, бірігу құқығы).

Жеке құқықтарға қарағанда саяси құқықтар мен бостандықтар адамның автономиясын емес, оның саяси процестің белсенді қатысушысы ретінде қамтамасыз етеді. Бұл құқықтар тобы-

ның құндылығы олардың мемлекет, азамат және қоғам арасында байланыстарды нығайту үшін мүмкіндіктер жасауында. Саяси бостандық мазмұны бойынша, жеке бостандықтың бір бөлігі болып саналады, себебі саяси еркіндікке ие адам саяси процестің еркін және жеке қатысушысы болуға құқылы [2].

Саяси құқықтар тек қана азаматтармен танылады, яғни саяси құқықтарға ие болу нақты мемлекеттің азаматтылығымен байланысты болады. Адам құқықтарына қарағанда азамат құқықтары индивид пен мемлекет арасындағы қатынастар саласын біріктіреді. Тоталитарлы мемлекеттердің басты айырмашылығы саяси құқықтар мен бостандықтарды шектеуге, тіпті толық жоюға ұмтылуы да босқа емес. Тоталитарлық режим адамның саяси бостандығын неғұрлым көп шектеп, демократиялық бақылау түрінен босатылған сайын, соғұрлым мемлекеттің толық билігі мен азаматты шынайы саяси биліктен алыстатуға бағытталған күштеу шаралары орын алады.

Буржуаздық конституционализмде басталған саяси құқықтар мен бостандықтар, кейіннен конституциялық құқықтық мәртебеге ие болып, ұлттық және халықаралық құқықтың маңызды институты ретінде қалыптасты. Адам құқықтары жөнінде қазіргі көптеген аймақтық және әмбебап сипаттағы халықаралық құқықтық құжаттар адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтарын белгілей отырып, сөз бен көзқарас бостандығы, бейбіт жиналыстар мен ассоциациялар